

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 19 мамырда
жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Биылғы сессия басталғалы бері Қазақстан халқы Ассамблеясынан Мәжіліске сайланған депутаттар мемлекеттік құрылымдар өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді. Сондай кездесулердің бірі Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтында болды.

Бұл институт 2020 жылы мамыр айында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанынан ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың этносаралық қатынастар саласындағы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі тапсырмасына орай құрылған. Институт қазірдің өзінде жүйелі, жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді. Бұған біз этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты талдамалық, зерттемелік және сараптамалық қолдаудың нәтижелерімен нақтылы таныса отырып, көз жеткіздік. Сондай-ақ, институт қызметкерлері этностардың әлеуметтік көңіл-күйін, қоғамдық-саяси үдерістерді, этносаралық қатынастар ахуалын зерттейді, болжамалық бағалаулар мен талдаулардың жалпы жағдайы мен қозғалысына тұрақты мониторинг жүргізеді.

Институт ғалымдарының социология мен қақтығыстанудың қиюласқан тұсында жұмыс істейтіні, өткір мәселерді айналып етпейтіндері, болса екен дегенді болды деп боямалап жеткізбейтіндері өте құптарлық. Осы орайда этносаралық ксенофобия проблемалары бойынша зерттеулердің қорытындылары жарияланған, ондай жағдайларды болдырмаудың жолдары ойластырылып, әртүрлі этностық топтардың өкілдері қатысқан кикілжіндерге талдау жасалған.

Атап айтқанда, институт елдің 13 өңіріне 15 рет мониторинг жасауға шығып, этносаяси тәуекелдер картасын түзген, оған сондай қауіп бар деп саналатын елді

мекендер кіргізілген. Небәрі 30 адамдық штаты бар шағын ұжымның мамандары өңірлерде қазіргі күрделі эпидемиялық ахуалда далалық зерттеулер жүргізіп келеді.

Қазақстан қоғамының бірегей көпэтностылығын, бүкіл әлемде әлеуметтік қақтығыстардың, ксенофобияның өршіп тұрғанын ескере келіп, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының әлеуетін арттыра түсу қажет деп санаймыз. Тиісті қамқорлық жасай білсек, бұл мекеме этностық толеранттылықтың, татулық пен келісімнің қазақстандық моделін көңілдегідей етіп сақтаудың кілтін табатындай тетікке айнала алар еді.

Өкінішке орай, жұмысын жаңа бастап жатқан институт қазірдің өзінде штат құрылымын қысқарту, бюджет шығындарын оңтайландыру сияқты қиындықтармен бетпе-бет келіп үлгерген. Институт қызметіне 2020 жылдың 7 айында 262,8 миллион теңге бөлінген болса, бүкіл 2021 жылға бөлінген ақша 252,1 миллион теңге ғана. Осыған байланысты институт 2020 жылы 19 жобаны жүзеге асырса, 2021 жылға жоспарланған жоба саны тек 9 болып отыр.

Институттың маңызды зерттеулерді жүзеге асыруымен қатар ұжымдағы қызметкерлер санын 25 пайызға қысқартумен де айналысуға мәжбүр етілгені өкінішті.

Тұтастай алғанда, зерттеу орталықтары мен институттарға бөлекшелеу көзбен қараған, олардың онсыз да аз ақшасын қысқартып, бәрібір бүтінделмеген күйі кететін бюджеттің жыртығын ғылымның есебінен жамауға тырысуды тоқтату жөн. Оның үстіне этносаралық мәселелердің көкейкестілігі арта түскен қазіргі жағдайда өзі де шағын ұжымның штатын одан әрі қысқарту институт қызметінің тиімділігін кемітіп қана қоймай, білікті мамандардың басқа жаққа ауысып кетуіне әкеп соқтыруы әбден мүмкін.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Сізге мынандай өтініштерімізді жеткіземіз:

1. Этносаясат саласындағы мамандардың жетіспеушілігіне байланысты Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының штат санын қысқартпаудың мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

2. Бүгінгі дүниеде жаңа сын-қатерлердің арта түскенін, этносаралық салада қақтығысшылдықтың көбейіп бара жатқанын ескере келіп, алдағы жылдарда этносаралық зерттеулерге бөлінетін қаржыны қазіргіден молырақ көздеуді ұсынамыз.

Осы депутаттық сауалды тиісті заңнама талабына сәйкес қарап, жазбаша жауап қайтаруды сұраймыз.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан**

сайланган депутаттар

**С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов**



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Оглашен 19 мая 2021 года

**Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Тугжанову Е.Л.**

Депутатский запрос

Уважаемый Ералы Лукпанович!

С началом нынешней сессии депутаты, избранные от Ассамблеи народа Казахстана, провели ряд встреч с представителями государственных структур. Одна из таких встреч состоялась в Институте прикладных этнополитических исследований.

Данный Институт создан в мае 2020 года при Министерстве информации и общественного развития для реализации поставленных Президентом страны К.К.Токаевым целей и задач в сфере политики межэтнических отношений.

Институт уже ведет системную, планомерную работу, в чем мы убедились во время встречи с его коллективом, предметно ознакомившись с результатами аналитического, исследовательского и экспертного сопровождения государственной политики в сфере межэтнических отношений. Также осуществляется постоянный мониторинг состояния и динамики социального самочувствия этносов, общественно-политических процессов, изучение ситуации в межэтнической сфере, определения прогнозных оценок и рисков.

Отрадно, что ученые института работают на стыке социологии и конфликтологии, применяя количественные методы анализа, не избегают острых проблем, не выдают желаемое за действительное. Например, получены оригинальные результаты исследований по проблеме межэтнической ксенофобии и определены пути ее преодоления, сделан анализ конфликтов с участием разных этнических групп.

В частности, институтом осуществлено 15 мониторинговых выездов в 13 регионов страны, в результате которых была составлена карта этнополитических

рисков с включением конкретных населенных пунктов. При штате, насчитывающем всего 30 человек, специалисты совершают продолжительные командировки в регионы, проводят полевые исследования в непростых эпидемиологических и климатических условиях.

В свою очередь, учитывая уникальную полиэтничность казахстанского общества, растущее число социальных конфликтов, вспышки ксенофобии во всем мире, считаем необходимым обратить особое внимание на дальнейшее наращивание потенциала Института прикладных этнополитических исследований, призванного стать одним из ключевых инструментов сохранения казахстанской модели этнической толерантности, мира и согласия.

Вместе с тем, уже сегодня Институт сталкивается с рядом сложностей, таких как сокращение штатной численности и общая оптимизация расходов бюджета.

В частности, если на деятельность Института за 7 месяцев в 2020 году было выделено 262,8 млн тенге, то на весь 2021 год выделено всего 252,1 млн тенге. В то же время, если в 2020 году Институтом было реализовано 19 проектов, то в 2021 году запланировано только 9 проектов.

Несмотря на проводимые Институтом важные исследовательские мероприятия, в настоящий момент приходится проводить работу по сокращению штатной численности данной организации на 25%.

В целом полагаем, что к исследовательским центрам и институтам необходимо применять индивидуальный подход и ориентироваться на всестороннее и комплексное развитие их потенциала в расширении линейки проводимых исследований и, ни в коем случае не подходить к ним с точки зрения необходимости максимального урезания бюджетных расходов.

В этой связи хотим отметить, что на фоне актуализации межэтнических вопросов в Казахстане сокращение штата приведет к возникновению рисков снижения эффективности деятельности Института, а также к утечке подготовленных кадров.

Уважаемый Ералы Лукпанович!

С учетом вышеизложенного просим рассмотреть следующие вопросы:

1. В связи с нехваткой специалистов в области этнополитики просим рассмотреть возможность не сокращения штатной численности Института.

2. Учитывая общую динамику нарастающих в мире новых рисков и вызовов, общий рост конфликтности в межэтнической сфере, просим предусмотреть необходимое финансирование проектов в области межэтнических исследований.

Просим рассмотреть данный депутатский запрос и представить письменный ответ в соответствии с действующим законодательством.

**Депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан, избранные от
Ассамблеи народа Казахстана**

**С. Абдрахманов
А. Амирханян
Ю. Буларов
Н. Дементьева
Ю. Ли**

В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов